

ӘОЖ 81:372.881

¹Ж.Р. Сейтметова*, ²М.Б. Салқынбаев¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филол.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филол.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: jseitmetova@mail.ru

Араб тіліндегі іскерлік қарым-қатынасты оқытудың мәселелері

Мақалада араб тіліндегі іскерлік қарым-қатынастар саласындағы тілдік этикеттер мәселесі сөз болады. Ал тіл мәдениеті, тілдік этикет іскерлік саладағы әртүрлі міндеттерді шешудің сенімді құралы деп айтуға болады. Іскерлік қарым-қатынас мәдениетіне әрқашан да ерекше көңіл бөлініп келген. Себебі жетістікке жету үшін, бастаған істің жемісті болуы үшін серіктеспен дұрыс қарым-қатынас жасай білу керек. Ол шет тілін оқытудағы базалық категория болып табылады әрі көпмәдениеттілік әлемде жұмыс істей алатын кемел мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: тіл, қаратпа сөз, араб тілінің этикеті, іскерлік қарым-қатынас, тіл мәдениеті.

Zh.R. Seitmetova, M.B. Salkynbaev

Issues of teaching business communication in Arabic

Titles and forms of address used in the Arab countries are considered in the article.

Keywords: address, Arabic speech etiquette, business communication.

Ж.Р. Сейтметова, М.Б. Салқынбаев

Вопросы обучения деловому общению на арабском языке

В статье рассматриваются употребительные в арабских странах титулы и формы обращений.

Ключевые слова: обращение, арабский речевой этикет, деловое общение.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі дербес даму жолында оның экономикасының дамуына әсер ететін бірден-бір факторлардың бірі, бұл бизнес саласы екені белгілі. Қазіргі кезде бұл кәсіпкерлікті дамыту үшін, алдымен, қаржылық қамтамасыз ету және қаржылық-несиелік сияқты проблемалардан бөлек іскерлік қарым-қатынас мәселесі де маңызды саналады. Іскерлік қарым-қатынас қазіргі таңдағы кәсіпкерлік саладағы әртүрлі міндеттерді шешудің сенімді құралы деп айтсақ қателеспейміз. Іскерлік қарым-қатынас мәдениетіне әрқашан да ерекше көңіл бөлініп келген. Себебі жетістікке жету үшін, бастаған істің жемісті болуы үшін серіктеспен дұрыс қарым-қатынас жасай білу керек.

Іскерлік қарым-қатынастағы коммуникативті компоненттердің бірі – социомәдени құзыреттілік. Ол шет тілін оқытудағы базалық

категория болып табылады әрі көпмәдениеттілік әлемде жұмыс істей алатын кемел мамандарды дайындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ шет тіліндегі іскерлік қарым-қатынас пәні кәсіпкердің немесе маманның бойында осындай күзiреттілікті қалыптастырады.

Кәсіпкерлік әлемдік қоғамдық дамудағы барлық кезеңдерге қатысты болып табылады. Ортағасырлық араб ойшылы Ибн-Хальдун (1332-1406 жж.) кәсіпкерлікті меншікпен, енбекпен, адамның қабілеттілігімен сәйкестендіре отырып зерттеген. Ал ғалым Ф. Кенә «Экономикалық кестеде» басты орынды жер иелері – кәсіпкерлеріне берген, яғни «егер де кім жерді жалға алса, ол ауыл шаруашылығын жоғары өндірістік дәрежеде көрсетеді», – дейді. Осыған орай, іскерлік қарым-қатынас қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын

элеуметтік-экономикалық және инновациялық өндірістік форма болғандықтан, Қазақстандағы жаңа экономикалық жүйенің құрылуы шағын кәсіпкерлік қызметінің, соның шағын, орта және ірі кәсіпорындардың қызметіндегі өндірістік-коммерциялық масштаб бойынша олардың бір-біріне өзара әсер ету қарым-қатынасындағы бір жақты реттеуін көрсетеді. Шағын кәсіпкерлік іскерлік өмірдегі негізгі құрал болып саналады. Осыған орай, қазіргі іскерлік қарым-қатынасты оқытудың заманауи коммуникативті-бағдарлы үлгілерінің бірі ретінде көпқырлы социомәдениетті атауға болады. Ол студенттер мен магистранттардың жалпы мәдени білімдерін, елтанушылық және лингвоелтанушылық құзіреттілігін қалыптастырады. Сонымен қатар олардың социолингвистикалық құзыреті қарым-қатынас практикасымен жүзеге асатынын ескеру керек.

Араб тіліндегі іскерлік қарым-қатынасты оқыту процесін мүмкіндігінше тілдегі әртүрлі функционалдық басымдықтарды құрайтын элементтерден бастаған жөн.

Тілдік этикет қағидаларының негізіне серіктесті немесе әріптесті құрметтеу кіреді. Сонымен бірге іскерлік қарым-қатынас барысында олардың арасында қалыптасқан дәстүр мен шарттар сақталады. Тілдік этикеттің негізгі элементтерінің бірі – қаратпа сөздер. Қаратпа сөздер араб тілі этикетіне байланысты сөйлемде ешқандай синтаксистік қызмет атқармайды. Егер сөйлеуші сөйлемде сөзінің кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аудару мақсатында қолданатын болса, онда қаратпа сөз сөйлемнің басында немесе бірінші сөзден кейін және сөйлемнің соңында келеді. Қаратпа сөздер көбінесе екі адамның арасындағы сәлемдесу рәсімінен кейін айтылады. Қаратпа сөздер араб тілінің этикеттік ерекшелігіне байланысты, әсіресе Араб Әмірліктерінде түрлі диалогтар барысында өте жиі қолданылады. Мысалы, әсіресе «*üa* – يا» қаратпа сөзі жиі қолданылады. Араб тілінде қалыптасқан этикет бойынша субъектілерге, яғни серіктес адамға қаратып айтылатын екінші жақтағы жіктеу есімдігінің түрлері де көп қолданылады. Мысалы, *inta, 'inti, 'intum*. Бұл араб тіліндегі **сен** жіктеу есімдігінің жекеше түрдегі аталық тек (музаккар), **сен** – жекеше түрдегі аналық тек (муэннас) және көпше түрлері екені белгілі. 'Inta формасы қызметіне байланысты кез келген объектіге айтыла береді. Бұл формалар тек

ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, сонымен бірге әдеби тілде де қатар қолданыла береді. Араб тіліндегі жіктеу есімдігінің екінші жақ көпше түрінің формасы кей жағдайларда құрмет ретінде жеке тұлғаларға да қаратып айталады.

Араб тілінің этикет жүйесінде қазақ тіліндегідей жіктеу есімдігінің екінші жағының жай (анайы) және сыпайы түрлерінде айырма жоқ. Дегенмен араб тілінде серіктестікке немесе әріптеске құрмет ретінде және субардинация сақтау мақсатына арналған лексикалық бірліктер бар. Оларға: *siyadtak, hadratatak, fadiltak, 'udsak, niyaftak* және т.б. сөздерді жатқызуға болады. Мұндай формалар қаратпа сөздер мен қосылып жазылатын есімдіктің екінші жағының бірігуі арқылы жасалып, дербес қолданылады.

Fadiltak сөзі мұсылман шейхтарына, негізінен, жоғары дінбасыларына қаратып айтылады. Ол қазақ тіліндегі муфтий-қазірет, орыс тіліндегі *Ваше преосвященство* қаратпа сөздерімен сәйкес келеді.

Jalalatu сөзі ақсүйек, төре тұқымдарына, яғни патшалар қауымына қаратып айтылады. Ол қазақ тіліндегі *алдияр, орыс тіліндегі Ваше величество* қаратпа сөздерімен сабақтас.

Ал *qudsak* – (قدسك) Ваша святость, святейшество) және *niyaftak* (نیافتك – Ваше высокопреосвященство) сияқты сөздер негізінен христиан көсемдеріне: Рим Папасына, епископтарға қаратып айтылады. Мұндай қаратпа сөздер қазақ тілінде үрдіске айналмағанымен мағыналық жағынан әулие сөзімен астарлас келетіндігін байқауға болады.

Қазіргі уақытта диалогқа қатысушы адамдардың лауазымы жоғарысына қаратып айтылатын *siyadtak*- سيادتك – және *hadratatak* – حضرتك – қаратпа сөздері жиі қолданысқа ие. Сондықтан да кәсіпкерлікпен айналысам дегендер үшін іскерлік қарым-қатынас мәдениетін, кез келген тілдегі тілдік этикетті меңгерген жөн. Ол адамды жетістікке, жемісті еңбекке бастайтын жолдың басы деп айтуға болады.

Араб тіліндегі *siyadtak* және *hadratatak* формалары, әдетте «*üa* – يا» қаратпа шылауынан кейін адресаттың атақ-дәрежесін, лауазымын білдіретін қаратпа сөздердің алдында қолданылады.

Бұл формалар тек адресатқа ғана емес, сондай-ақ адресантқа (сөйлеушіге) да қатысты. Мұндай қаратпа сөздерді олар өздерінің зиялылығын, тектілігін көрсету үшін айтады.

Араб тілінде ресми тұлғаны атау кезінде немесе оған қарата айтылатын сөздің басында олардың лауазымына, дәрежесіне, шеніне сәйкес қалыптасқан қаратпа сөздерді қолданады.

Мысалы,

jalalatu – ұлы мәртебелілік, ағзам, величество;

jalalatu-al-malaki fahd bnu abdu-l-aziz – ұлы мәртебелі патша Фахд бен Абд әл-Азиз;

jalalatu – sultan qabus bnu said sultan Oman ұлы мәртебелі сұлтан Қабус бен Саид Оман сұлтаны;

jalalatukum – Ваше Величество, алдияр, ұлы мәртебелі, тақсыр (сіздің);

sahib-l-jalalati – Его Величество, ұлы мәртебелі;

jalalatu – ұлы мәртебелі, Его Величество (оның);

sumuu – жоғары мәртебелі, высочество; патшалық етуші немесе билеушілерге «*al-maliki*» – патшалық, королевский сөзі қосылып жазылады).

sahibu-sumuu – al-malaki – l-amirabdulla – Жоғары мәртебелі әмір Абдулла, Его Королевское Высочество эмир Абдалла;

sumuukum – жоғары мәртебелі, Ваше Высочество;

sumuu – жоғары мәртебелі, Его Высочество;

fakhamatu – жоғары мәртебелі, превосходительство – жоғары мемлекеттік тұлғаның титулы. Мәселен, Президент;

fakhamatu-ar-rai – жоғары мәртебелі Президент, Его Превосходительство Президент;

sa'adatu – жоғары мәртебелі, превосходительство – барлық жоғары лауазымдыларға, шенділерге, мысалы, министрлер, елшілер;

sa'adatu – l – wazir, as-safir – жоғары мәртебелі министр (елші), Его превосходительство министр (посол);

sa'adatukum – жоғары мәртебелі, Ваше превосходительство;

siadatu – мәртебелі, превосходительство – барлық мәртебелі тұлғаларға айтылатын титул. Бұл қаратпа сөз қазіргі қазақ тіліндегі **мырза** сөзімен сәйкес келеді және күнделікті өмірдегі сыпайылық, кішіпейілділікті білдіретін сөздер ретінде қолданылады. Сіз, Сіздер деген сияқты жіктеу есімдігі ретінде аударылады.

Сонымен қатар **tara siadatukum an..., kalimatu siadatika, said, siadatu – l-wazir ga'ibu, hadratu, hadratu sahibu-l-fakhamati-rai-l-jumhuria, hadratu Ahmad Amin...**,

hadratukum, fadilat, sahibu-l-fadilati, fadilat-l-imam, qadasatu, sahibu-l-gadasati-l-batriak, qadasatu-l-mutrani және т.б. атақ, дәрежелердің алдында қойылатын, зиялылықты, сыпайылықты білдіретін және қасиеттілік, құрметтілік сияқты мағына беретін қаратпа сөздер араб тілі этикетіне тән сөздер деп атауға болады.

Жалпы араб тілінде адресатқа құрмет ретінде қолданылатын актив қаратпа сөздер қалыптасқан этикет, тіпті, тіл мәдениетіне айналған сөздер тілдік қорында көптеп саналады. Біріншіден, олар, негізінен, адресаттың атқаратын лауазымына байланысты. Мәселен, араб халқында әскери атақтарға жоғарыда айтылған **siyadat** және **hadrat** деген екі қаратпа сөз қосылады. Оның біріншісі жоғары әскери шенге, екіншісі төменгі шенділерге қаратып айтылады. Ал мемлекеттік қызметте де маңызды этикет нормалары бар. Әдетте ондай қаратпа сөздерге **siyadtak (siyadtir ra'is** – президент мырза) сияқты лексикалық бірліктерді жатқызуға болады. Сонымен қатар араб тілінің этикетіне сәйкес басқа жағдайларда сөйлеуші адам жоғарыда көрсетілген **siyadat** және **hadrat** қаратпа сөздерінің қайсысын қолданады ол өз еркінде. Оны автор адресаттың атқаратын лауазымына, оны бағалауына байланысты қолданады. Ал бұл екі сөздің деңгейі бірдей емес, **siyadat** формасы **hadrat** формасынан жоғары тұрады.

Қазіргі тілдік жүйеде **ma'ali** (жоғары мәртебелі) сөзі жиі қолданылады. Ол министрлерге сол деңгейлес жоғары шенділерге қаратып айтылады және ол адресаттың барлық титулдарының алдында болуы шарт. Егер жоғары лауазымды тұлғаға жазбаша жазылған хатта немесе өтінімдерде мұндай қаратпа сөздер айтылмаса, ол үлкен қателік, яғни этикеттік норманы бұзған болып есептеледі. Араб тілі этикетіндегі көп қолданылатын титулдарға қатысты қаратпа сөздерден мысалдарды көптеп келтіруге болады. Айталық, адвокатқа **хадрат аль-устаза-аль канунийи** – профессор мырза, заң ғалымы, заңгер, құқықтанушы сияқты оның тұлғалық қырын айқындайтын сөздерді тізе беруге болады. Ал ғалым адамға қаратып айтылған сөзге – **хадрат-әл-ғаллама-мырза**, көрнекті ғалым немесе ұлы ғалым, Республика Президентіне – **хадрат сахиб әл-фахамату раис әл-джумхурийа әл-афхам**; Корольге

қаратып айтылатын қаратпа сөз **джалалату әл-малик; сахиб-ас-сумуу** – Ұлы мәртебелі, король; Ұлы мәртебелі – Ваше величество. Дін саласындағы лауазымды тұлғаға, көбінесе **самахату** титулы қолданылады.

Қорыта келгенде араб тіліндегі ресми және күнделікті өмірде іскерлік қарым-қатынаста қолданылатын қаратпа сөздерді арабтанушы мамандардың білуі шарт деп ойлаймыз. Осыған

орай, біршама араб тілі этикетінде қалыптасқан қаратпа сөздерді зерделеп көрдік. Лауазымды тұлғаларға қарата айтылатын жоғарыда келтірілген қаратпа сөздер араб елдерінің көпшілігінде активті түрде қолданылады және тілдік этикетті сақтау дәстүрге айналған десек артық айтқандық болмас. Тек кейбір араб елдерінде аздаған айырмашылықтар кездесетінін ескеру керек.

Әдебиеттер

1. Shagal V.E. *Arabskii mir: Puti poznania*. – М., 2001.
2. Skanavi A.A. *Biznes-etiket v arabskikh stranah*. – М., 2010.
3. Bodnar S.N. *Arabskii yazik. Janr kommercheskikh delovih bumag i ih yazykovaya spetsifika*. – М., 2002.